

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

қызметтерді сатып алу туралы

<қызметтердің атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӨ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттілік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӨ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 2) тармақшасына және 134-тармағына сәйкес <хаттама бекітілген күн> баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <қызметтердің атауы> қызметтерін сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші _____ сатып алу порталында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен <қызметтердің атауы> (бұдан әрі - Қызметтер) қызметтерін сатып алуды өткізетіндігі туралы хабарландыруды орналастырды және Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> _____ теңге ____ тиын (_____ теңге ____ тиын) мөлшеріндегі сомаға баға ұсыныстарын қабылдады.

1.2. Жеткізуші Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптарда Қызметтер көрсету бойынша міндеттемені өзіне қабылдайды, ал Тапсырыс беруші Қызметтерді Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.3. Осы Шартта төменде аталған ұғымдар мынадай түсіндірулерге ие болады:

1) Шарт - Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасында Тапсырыс берушінің қызметін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ функцияларын немесе жарғылық қызметін орындауын қамтамасыз ету үшін Қызметтерді көрсету туралы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалған азаматтық-құқықтық шарт.

2) Қызметтер - Тапсырыс берушінің қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған, заттық мәні жоқ, Шарттың 1.1.-тармағында көзделген іс-әрекет.

1.4. Қызметтер мына мекенжай бойынша көрсетіледі: Алматы қаласы, Ермак көшесі, 24 (бұдан әрі - Объект).

- 1.5. Қызметтердің құны мен техникалық ерекше нұсқамасы Шартқа 1-қосымшада көрсетілген.
- 1.6. Қызметтерді Жеткізуші өз материалдары мен құрал-жабдықтарын, өзінің күштері мен құралдарын қолдана отырып көрсетеді.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы *<ҚҚС қоса есептегенде>* _____ теңге __ тиын (____ теңге __ тиын) (егер Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса) (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға _____ теңге __ тиын (____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі Қызметтер құны, *<және _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады)>* кіреді. Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығындары кіреді.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы Қызметтерді тиісінше көрсету фактісі бойынша бекітілген тәртіпте ресімделген қос Тараптың уәкілетті тұлғалары қол қойған Көрсетілген Қызметтер Актісі (бұдан әрі – Акт) негізінде және Жеткізушіден төлемге электронды шот-фактураны алған күннен бастап 10 (он) операциялық күн ішінде жүзеге асырады.

Төлем Жеткізуші тиісті түрде ресімделген электронды шот-фактураны, төлемге шотты және көрсетілген Қызметтер Актісін ұсынған жағдайда жүргізіледі.

Тиісті түрде ресімделмеген электронды шот-фактураны, төлемге шотты және көрсетілген Қызметтер Актісін берген кезде, оның ішінде дұрыс емес деректемелерді көрсете отырып, Тапсырыс беруші оларға ақы төлеместен кері қайтарады және Тапсырыс берушінің төлем бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі жаңа электронды шот-фактураны, төлемге шотты және көрсетілген Қызметтер Актісін берген сәттен бастап есептеледі. Бұл жағдайда Жеткізушінің Тапсырыс берушіге уақтылы ақы төлемегені үшін қандай да бір айыппұл санкцияларын қоюға құқы жоқ.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ____ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші кірістің түпкілікті алушысы және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың Жалпы сомасын төлеген кезде тиісті халықаралық

шартында көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін өз бетінше қолдануға құқылы (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы қаражат көздерінен алынатын табыстарына қатысты қолданылады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен (бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмені табыс еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші бейрезиденттің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамастан табыс сомасын төлейді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі 5 (бес) жұмыс күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып Тапсырыс беруші қабылдайды.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушінің Шарт талаптарына сәйкес көрсеткен Қызметтерін Акті негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің жазбаша сұратуы негізінде Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін оған қажетті құжаттарды (ақпаратты) және материалдарды ұсынуға;
- 3) төлемді Шарттың талаптарына сәйкес жүргізуге **міндеттенеді**.
- 4) Жеткізуші қызметкерлерін объектішілік режим бойынша нұсқаулықтан өткізуге;
- 5) Қызметтерді көрсету кезінде Шарттың 4.2.-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Объектіге (Объектілерге) Жеткізуші қызметкерлерін кіру рұқсатымен қамтамасыз етуге;
- 6) Қызметтерді көрсету үшін Жеткізушіге жазбаша өтінімдерді (бұдан әрі – Өтінім) _____ электронды поштасы немесе басқа да қолжетімді байланыс құралдары арқылы жеткізуге міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіден Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің толық көлемде және мерзімде тиісті түрде көрсетілуін талап етуге;

- 2) Қызметтер көрсету барысын және оның сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) Қызметтер көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу барысында кемшіліктер, ескертулер, сәйкессіздіктер, шала істеулер, қателер (бұдан әрі - ақаулар) анықталған жағдайда, Жеткізуші анықталған ақаулар туралы жазбаша хабарламаны жіберу арқылы Жеткізушіден оларды Шартта бекітілген мерзімде жоюды талап етуге немесе ішінара немесе толық төлемнен бас тартуға және Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тарту жібере отырып, Актіге қол қоймауға;
- 4) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға;
- 5) Шарттың 3.3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды өз ұйғарымы бойынша бағалауға, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;
- 6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге **құқылы**.
- 7) Жеткізушіден Қызметтерді көрсету кезінде қауіпсіздік техникасы бойынша нормаларды, өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтауын және Тапсырыс берушінің мүлкіне ұқыпты қарауын, сондай-ақ осы Қызмет түрін реттетін Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген нормалары мен қағидаларын сақтауын талап етуге құқылы.

3.3. Жеткізуші:

- 1) Қызметтерді Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптармен толық көлемде көрсетуге;
- 2) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Қызмет көрсетудің барысы туралы ақпарат ұсынуға;
- 3) Қызметтерді білікті мамандардың көрсетуін қамтамасыз етуге;
- 4) Тапсырыс беруші Қызметтер көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу барысында ақауларды анықтаған жағдайда, анықталған ақаулар туралы Тапсырыс берушіден хабарлама алған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде оларды өз есебінен жоюға;
- 5) Жеткізушінің ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоюы мүмкін болмағанда/оны жоюдан бас тартқан жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 6) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия түрінде сақтауға;
- 7) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе оны тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 8) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген кезде Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайдарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

- 9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және де ішінара түрде басқа біреуге бермеуге;
- 10) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанда немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға **міндеттенеді**.
- 11) осындай қызметтер түрін көрсету үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген санитарлық нормаларға сәйкес қызметтерді көрсетуге және Қызметтерді көрсету кезінде қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі бойынша қажетті іс-шараларды орындауды қамтамасыз етуге;
- 12) Қызмет көрсету кезінде санитариялық-гигиеналық, экологиялық, өртке қарсы және Қазақстан Республикасы заңнамасының басқа да талаптарына сай келетін құрал-жабдықтар мен материалдарды пайдалануға;
- 13) Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған сәтке дейін Шарт бойынша Қызметтер көрсету кезінде Тапсырыс берушінің жабдықтарының, материалдары мен мүліктерінің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну тәуекелін көтеруге;
- 14) Қызметтерді көрсеткеннен кейін Тапсырыс беруші актіні немесе Жеткізуші әрі қарай Қазақстан Республикасының бекітілген заңнамасы талаптарына сәйкес әрі қарай қайта өңдеу үшін қабылдап алған қалдықтарды/қалдықтарды беруге кепілді жоюды растайтын басқа да құжатты беруге;
- 15) Шарт бойынша міндеттемелерін орындау уақытында Жеткізушінің кінәсінен залал келтіру немесе бұзушылықтарға жол беру себебі бойынша Тапсырыс берушіге қойылатын үшінші тұлғалармен даулы мәселелерді (үшінші тұлғалардың талап-арыздарын және/немесе наразылықтарын) Тапсырыс берушіні тартпай, өз бетінше өз қаражаты есебінен шешуге;
- 16) Шарттың 4.2.-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Объектіге Тапсырыс беруші бекіткен рұқсатнамалық және объектішілік режимдер талаптарын сақтауға;
- 17) Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағанына байланысты, оның ішінде ақауларды жою жөніндегі шығыстарды өздігінен көтеруге;
- 18) Тапсырыс беруші жүгінген жағдайда, Шарт бойынша көрсетілетін Қызметтерге байланысты мәселелер бойынша оған тегін кеңестерді беруге;
- 19) Тапсырыс берушіден көрсетілген Қызметтер сапасына негізделген жазбаша талапты алған жағдайда, өз есебінен Қызметтерді қайта көрсетуге;
- 20) Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Объектіге кіру рұқсатнамасын қамтамасыз ету мақсатында Тапсырыс берушіге қызметкерлерінің жеке деректерін көрсете отырып тізімін беруге міндеттенеді.

3.4. Жеткізуші:

- 1) Қызметтерді көрсеткен кезде бірлесіп орындаушыларды тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің бірлесіп орындаушыларға жалпы Қызметтер көлемінің үштен екі бөлігінен асатын Қызметтер көлемін беруге рұқсат етілмейді;
- 2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Қызметтер көрсету үшін қажет ақпаратты жазбаша түрде сұратуға;
- 3) Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген Қызметтер үшін төлем алуға **құқылы**.
- 4) *Қызметтер көрсету кезінде бірлесіп орындаушыларды Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімімен тартуға құқылы.*

4. ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ

4.1. Қызметтер көрсету мерзімі – Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша өтінімді алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнін құрайды немесе Тапсырыс берушінің жазбаша өтінімінде көрсетіледі (Қызметтерді көрсетуді бастау және аяқтау күні).

Шарт бойынша Қызметтерді көрсетудің жалпы мерзімі Шарт күшіне енген күннен бастап 2021 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңді құрайды..

4.2. Қызметтер көрсету орны: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Ермак көшесі, 24.

4.3. Қызметтерді толық көлемде көрсету күні Тараптардың уәкілетті тұлғаларының Актіге қол қойған күні немесе Актінің өзінде көрсетілген күн болып табылады.

5. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Жеткізуші Шартта көзделген Қызметтерді көрсеткеннен кейін Тапсырыс берушіге бұл туралы хабарлайды және қол қою үшін Актіні жібереді.

5.2. Тапсырыс берушіде көрсетілген Қызметтер бойынша Жеткізушіге ескертулер және келіспеушіліктері болмаған кезде қос Тараптың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қояды.

5.3. Көрсетілген Қызметтер бойынша ескертулер немесе келіспеушіліктер болған кезде Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтерді қабылдаудан жазбаша түрде дәлелді бас тартуды жібереді, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден бұл туралы хабарлама алған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде көрсетілген ақауларды жоюға міндетті. Барлық келіспеушіліктер жойылғаннан кейін Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қояды.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

- 1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзім бұзылған жағдайда, кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың Жалпы сомасының (Шарттың Жалпы сомасы 100 АЕК-ке дейін болса – кемінде 1%-ы, Шарттың Жалпы сомасы 100 АЕК-тен жоғары болса – кемінде 0,5%-ы) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 5%-ынан (бес пайызынан) аспайтын өсімпұлды;
- 2) көрсетілген Қызметтердегі ақауларды жою мерзімі бұзылған жағдайда, ақауларды жою күнін қоса алғанда, әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1%-ы (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 5%-ынан (бес пайызынан) аспайтын өсімпұлды;
- 3) көрсетілген Қызметтердегі ақауларды жою мүмкін болмаған/оларды жоюдан бас тартқан жағдайда, Шарттың жалпы сомасының 10%-ы (он пайызы) мөлшерінде айыппұлды төлейді.

6.3. Тараптың бірі Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, конфиденциалды ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың Жалпы сомасынан 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған конфиденциалды ақпаратты жариялау салдарынан туындаған зиянды Жеткізушіден өтеуді талап етуге құқылы.

6.4. Шарт бойынша ақы төлеу мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге кешіктірген әр жұмыс күні үшін төлеуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісті түрде орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан 10 % (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді .

6.6. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.7. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.8. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.9. Егер Тапсырыс беруші Жеткізушінің кінәсінен емес Шартты соттан тыс тәртіпте бұзуға (Шарт бойынша Жеткізушінің өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына) бастамашы болса, Жеткізуші Шартты бұзу күнінде Шарт бойынша нақты көрсетілген және қабылданған Қызметтер үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

6.10. Жеткізуші Шарт бойынша Қызметтерді көрсету кезінде Тапсырыс берушінің қызметкерлері денсаулығына зиян келтірілген жағдайда немесе Жеткізуші сапасыз немесе қолдануға тыйым салынған препараттар мен құрал-жабдықтарды пайдаланған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес толық жауапкершілікте болады.

7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына жағдайлар:

1) Жеткізушінің Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсынуы қосылмайды. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда, Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апат, әскери іс-әрекеттер, террорлық

актілер, азамат соғысы, халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3. Тапсырыс беруші мына:

- 1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;
- 2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;
- 3) сатып алу қорытындысына әсер еткен сатып алу Қағидаларын және (немесе) талаптарын бұзу анықталған;
- 4) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;

5) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;

6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;

7) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, кез келген сатыда біржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

11.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

12. ШАРТ ТІЛІ

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік тілде және орыс тілде электрондық түрде жасалды.

13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекенжайы>
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекенжайы>
<Тапсырыс беруші нің ЖСК>
<банк атауы>
<Тапсырыс берушінің БСН>
<Тапсырыс берушінің БСК>
<Тапсырыс берушінің БЕК>
Тапсырыс беруші атынан

<қол қоюшының аты-жөні>
М.О. (қолы)

Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>
<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекенжайы>
<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекенжайы>
<Жеткізушінің ЖСК>
<банк атауы>
<Жеткізушінің БСН>
<Жеткізушінің БСК>
<Жеткізушінің БЕК>
Жеткізуші атынан

<қол қоюшының аты-жөні>
М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. – аты-жөні.

Портал закупок Национального Банка Республики Казахстан

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках услуг

<наименование услуг>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 2) пункта 17 и пунктом 134 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, и аффилированными с ними юридическими лицами, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее – Правила), и протоколом об итогах закупок услуг <наименование услуг> способом запроса ценовых предложений <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее – Договор) о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

